

5. Мейірбеков «Кәсіпкерлік экономикасы» 151-157 бет. Кәсіпорынның инновациялық қызметі. 2014 жыл

6. martin-zhelaevo.kz

РЕЗЮМЕ

В статье представлены теоретические основы организации инновационной деятельности перерабатывающих предприятий в Западно-Казахстанской области. Также дается характеристика экономических показателей АО «Желаевский комбинат хлебопродуктов» и приведены предложения по совершенствованию действий инновационной деятельности.

RESUME

In the article theoretical bases of organization of innovative activity of reprocessors are produced in the западно-казахстанской area. Description of economic indicators of propulsion joint-stock company "Zhelayev combine of products" and resulted suggestion on perfection of actions of innovative activity.

УДК 657.42

А.Е. Кабдирова, студент

Б.Т. Базарова, экономика ғылымдарының магистрі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық –техникалық университеті, Орал қ.

№16 ХҚЕС «НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЕСЕБІ»

Аннотация

Негізгі құралдар есебі №16 «Негізгі құралдар» халықаралық қаржылық есеп стандартына сәйкес жүргізіледі. Аталған стандартқа сәйкес негізгі құрал, ол кәсіпорында өнім өндіру, тауарларды тасымалдау немесе қызмет көрсету үшін, басқа кәсіпорынға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсатта пайдаланылатын және бір операциялық циклдан немесе кезеңнен (I жылдан) артық мерзім ішінде пайдаланады деп болжанатын материалдық активтерді айтады.

Түйін сөздер: қаржы, кәсіпорын, стандарт, есеп, мүлік

Негізгі құралға қозғалмайтын мүлік, жер, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетік, машина мен жабдықтар, өлшеу және реттеу аспаптары мен қондырғылары, есептеу машиналары, көлік құралдары, аспаптар, шаруашылық құрал-саймандар, және т.б. жатады.

Негізгі құралдар объектісі төмендегі шартқа сай келсе актив ретінде танылуы (есепке алуға) тиісті:

а) егер кәсіпорынның активпен байланысты болашақ экономикалық пайда алатынын аса үлкен ықтималдықпен сендіру мүмкін болса;

ә) егер кәсіпорын үшін оларды сатып алуға кеткен нақты шығындарды сенімді түрде бағалау мүмкін болса.

№16 Халықаралық қаржылық есеп стандартына сәйкес кіріс әкелмейтін объектілерді, компания негізгі құралдар құрамынан шығарады және ұзақ уақыт бойы олар шаруашылық қызметінде пайдалануға болатын болса да, шығыстарға сесептеп

шығарады. Осындай объектілерді материалға жауапты тұлғалар бойынша баланстан тыс шоттарда есепке алуға болады.

Негізгі құрал есебін ойдағыдай жүргізу үшін жүйелеп топтастыру қажет.

Барлық негізгі құралдар өздерінің өндіріске қатысына қарай өндірістік және өндірістік емес болып екіге бөлінеді. Өндірістік негізгі құрал деп өндірісте қызмет ететін, пайдалы құралды айтады. Оларға: өндіріске арналған үйлер, ғимараттар, өткізгіштік тетік, көлік тасымалдау құралдары, әртүрлі станоктар, двигательдер, құрал-саймандар, өлшеуіш аспаптар, және т.б. жатады.

Өндірістік емес негізгі құрал қатарына шаруашылық өндірістің басқа салаларында пайдаланылатын негізгі құрал жатқызылады. Оларға: тұрмыстық үй-жай (коммуналдық) шаруашылықтарда, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет салаларында пайдаланылатын негізгі құралдар және т.б. жатады. Негізгі құралдар өнеркәсіптік ауыл шаруашылығы, орман, тасымалдау, байланыс, құрылыс, материалдық-техникалық жабдықтау және сату, өткізу кәсіпорындары, қоғамдық тамақтандыру, басқа ұйымдар, әлеуметтік сақтандыру, ғылым және білім беру, ғылыми көмек көрсету және т.б. салалар бойынша топтастырылады.

Негізгі құрал пайдалану мақсаты және қызметіне қарай мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) Жер (кәсіпорында пайдаланатын барлық жер).
- 2) Өндірістік ғимараттар мен құрылғылар.
- 3) Машина мен жабдықтар, өткізгіш тетіктер.
- 4) Көлік құралдары
- 5) Басқадай негізгі құралдар.

Негізгі құрал кімнің меншігінде, иелігінде екендігіне қарай меншікті яғни кәсіпорынның өзіне тиісті және уақытша жалға алынған болып екіге бөлінеді.

Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес негізгі құралдарды бағалаудың түрлері:

- бастапқы құны;
- жойылу құны;
- амортизациялық (тозу) құны;
- әділетті (сатып өткізу) құны;
- баланстық құн;
- өтелмелі құны

Кәсіпорынға есепке алынған негізгі құралдардың бастапқы құны тек мына жағдайларда ғана өзгереді:

1) негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімін ұзартпай немесе қысқартпай, оның жалпы жағдайына әсер ететін қосымша күрделі қаржы жұмсағанда (кеңейткенде, жаңартқанда т.б.) немесе ішінара бұзғанда, жойғанда және бөлшектегенде;

2) негізгі құралдарды қайта бағалағанда.

Негізгі құралдар кәсіпорынға мынадай тәсілдермен, жолдармен алынуы мүмкін:

- 1) Нақты ақшаға сатылып алынады.
- 2) Несиеге алынады.
- 3) Кәсіпорынның жарғылық капиталына салынған салым ретінде (акцияларына айырбастау жолымен алынады).
- 4) Басқа кәсіпорынның, мемлекеттік органдардың берген сыйы ретінде тегін алынады.
- 5) Салу, құру, жасау арқылы алынады.
- 6) Басқа активтерге айырбастау арқылы алынады.

Кәсіпорынға қабылданған негізгі құралдар № НК – 1 нысанындағы «Негізгі құралдарды қабылдау, тапсыру актісін» толтыру арқылы алынады. Қабылданған объектінің әрқайсысына жеке инвентарлық нөмір беріліп бекітіледі. Олар тұрақты

түрде беріледі. Кәсіпорынның бухгалтериясында негізгі құралдардың инвентарлық объектісі бойынша есебі мүліктік инвентарлық карточкаларда жүргізіледі.

НҚ-дың кәсіпорыннан шығуының есебі. Негізгі құралдар кәсіпорыннан келесі жағдайларда шығады:

- 1) басқа жеке және заңды тұлғаларға сатылғанда;
- 2) моралдық және физикалық тозу нәтижесінде;
- 3) объектілерді жарғылық капиталға салым ретінде салуға бергенде;
- 4) табиғи апат, авария және басқа да төтенше жағдайлар нәтижесінде;
- 5) басқа субъектілерге айырбастау, сыйға беру келісімі бойынша тапсыру;
- 6) бұрын жалға сатып алу құқығы мен берілген объектілер бойынша меншік құқығының жалға алушыға көшуі кезінде;
- 7) негізгі құралдардың жоғалуын емес зақымдануы анықталса.

НҚ кәсіпорыннан қандай себептермен есептен шықса да, есептен шыққан күнге дейін олар бойынша амортизация, тозу есептелінеді. Содан кейін бастапқы құны мен тозу сомасы есептен шығарылады. Негізгі құралдардың есебі жұмыс шоттар тізбегінің екінші бөліміндегі 2400 «Негізгі құралдар» бөлімшесінің активті 2410 «Негізгі құралдар» шотында жүргізіледі. Бұл шоттың дебетінде негізгі құралдардың айдың басындағы және соңындағы жай-күйі, келіп түскен негізгі құралдар көрсетілсе, кредитінде кәсіпорыннан шыққан негізгі құралдар құны көрсетіледі.

№16 ХҚЕС сәйкес, амортизация есептеудің 3 әдісі бар:

- 1) Негізгі құралдардың құнын бір қалыпты (түзу сызықты) есептен шығару әдісі.
- 2) Амортизацияны орындалған жұмыстың көлеміне пропорционал түрде есептеу әдісі (өндірістік тәсіл).
- 3) Кемімелі қалдық әдісі.

Жөндеу жұмыстарының көлеміне байланысты қарапайым және күрделі жөндеуге бөлінеді. Қарапайым әдетте негізгі құралдарды күнделікті пайдалануға байланысты болатын қарапайым жұмыстарды айтады. Күрделі үйлердің, құрылыстардың және күрделі машиналардың тозығы жеткен бөлшектері мен детальдарының барлығын ауыстыруға байланысты болатын ірі жөндеу түрін айтады.

Жөндеу жұмыстары мердігерлік және шаруашылық әдіспен орындалуы мүмкін.

Жөндеу жұмыстары шаруашылық әдіспен жүргізілгенде барлық жұмыстарды шаруашылық өз күшімен орындайды. Мердігерлік әдісті пайдаланғанда жөндеу жұмыстарын арнайы құрылыс мекемелері орындайды.

Жөндеу жұмыстарының бухгалтерлік есебін жүргізу олардың қандай әдіспен орындалатындығына байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. С.Р.Әбдішүкіров, Б.С.Мырзалиев «Бухгалтерлік есеп» 2009 ж, Алматы.
2. Н. Қабылова, Ш. Доспалинова, Е. Оразалинов «Бухгалтерлік есеп» 2011ж, Астана.
3. Н.А.Құдайбергенов «Бухгалтерлік есеп принциптері», 2011 ж, Алматы.
4. Е.О.Нұрсейтов «Ұйымдағы бухгалтерлік есеп», 2012ж, Алматы.
5. Шамгонов А.Ш, Базарова Б.Т «Қаржылық есеп 1», 2012ж, Орал.

РЕЗЮМЕ

Основные средства учитываются в соответствии с МСФО (IAS) 16 «Основные средства». Основной актив в соответствии с настоящим стандартом материальные активы, которые, как ожидается, будут использоваться в административных целях на срок более одного рабочего цикла или периода (более 1 года) с целью продажи, транспортировки или оказания услуг предприятию для аренды другого предприятия.

REZUME

Basis of preparation is in compliance with IFRS (IAS) 16 "Fundamental Measurements". Basic asset according to the current standard the material assets that are expected to be used in administrative fees in the duration of the one-to-one cycle or the period (more than 1 year) with the sale, transport or leasing contract for the entire entity.

ӘОЖ 338.4:631.1

М.М.Малаев, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ


Аннотация

Мақалада Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығының экономикалық мүмкіндігіне зерттеу және статистикалық талдауы жасалынған: облыстың азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі қамтуды жоғарлату факторлары негізделіп, аналитикалық шолу жүргізілген.

Түйін сөздер: Ауыл шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, мал басы.

Қазақстан – ауыл шаруашылығы тұрғындарының басым бөлігінің өмір сүру сферасы болып табылатын аграрлық-индустриалдық ел. Бүгінде ауылдық жерлерде тұрғындардың елу пайызға жуығы тұрып жатыр және ауыл шаруашылығы өндірісінің даму деңгейіне көбінесе мұнда жұмыс жасайтындардың ғана емес, сонымен бірге қандай бір себептермен осы сферамен байланыстылардың өмір сүру деңгейі тәуелді. Ауыл шаруашылығы өндірісінің даму деңгейіне қазақстандықтардың көпшілігінің тұрмыстық әл-ауқаты тығыз байланысты [1].

Ауыл шаруашылығында елдің жалпы ішкі өнімінің шамамен 5%-ы жасалады. 2015 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 3,3 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 4,1%-ға төмен.



Сурет 1 - Жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің серпіні,
млрд теңге